

УДК 002.2:94(574)

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ФОРМАЛАРЫ

Азмұханова А.М.

aiaz67@mail.ru

Л.Н. Гумилева атындағы Еуразия ұлттық университеті

Шығыстану кафедрасының профессоры,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Кез-келген ғылымның маңызды мәселелерінің бірі болып табылатын – академиялық зерттеу әдістерін қазіргі заманғы жаһандық ақпараттық қоғамды құрайтын коммуникациялық технологиялар мен Интернеттің динамикалық дамуымен сабақтастыра қарау бүгінгі күн талабы. Себебі басты назарда жаңа білімді қалай меңгеру керек, оны тәжірибелік әрекетте қалай қолдану қажет және де сабақ барысында қандай оңтайлы интернет жүйесінің әдістерін пайдалана алуымыз керектігін басты назарда ұстау маңызды болып тұр. Сабақ жүргізу барысында бірнеше күрделі мәселелерді шешудің алдында, әрине білім алушылардың пән бойынша жүктелген дәріс материалдарымен танысып, негізгі бағыттарды анықтап, түсініксіз сұрақтарын даярлап келгені жақсы, себебі оқытушы білім алушымен дискуссия барысында ақпараттық технологияны шебер пайдалана отырып, іс жүзінде нысанды зерттеуді алдын ала анықтау процесін және оның қорытындысы, нәтижесін бірге табуға күш салады.

Яғни, болашақ зерттеуші басынан бастап зерттеу нәтижесі болып табылатын, жаңа білімге қол жеткізу тәсілдері мен құралдарының белгілі бір жиынтығын өз күшімен анықтай алуға тырысады, оның нәтижесінде алынған білім объектінің өзіне ғана емес, сонымен қатар оны зерттеу әдістеріне, сондай-ақ сол әрекеттен алынған нәтижелерді тәжірибелік жұмыста

қолдануға қатысты болады. Сонымен қатар, зерттеуші әдебиетті талдау және оны жіктеу және бағалау қажеттілігі кезінде әдістің мәселесіне негізінен біртіндеп кіріге бастайды. Дәл осы жерде кітапхана қорларының электрондық жүйесі құрылым жасау жағынан да, уақытты тиімді пайдалануда да үлкен көмегін тигізеді.

Әрбір ғылымның өзінің жеке әдісі бар деген жалпы таралған нақты пікір дұрыс емес, өйткені көптеген гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдардың өзіндік ерекше әдісі жоқ. Сондықтан да олар өзінің зерттеу нысанына қатысты әлеуметтік және жаратылыстану-ғылыми пәндерінің жалпы ғылыми әдістері мен тәсілдерін қолданады. Осыған байланысты гуманитарлық-әлеуметтік ғылымның әдіснамалық тәсілдері, оның ішінде болашақ шығыстанушылардың халықаралық байланыстарды зерттеудегі басты аспектілерге сүйене отырып, ақпараттық технологияны өз қажетінде дұрыс пайдалана білуі де көптеген мәселелердің тез шешімін табуға көмегін тигізеді.

Осы орайда Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Біліктілікті арттыру институтының тарапынан арнайы ұйымдастырылатын Омбы(Ресей) қаласында өтетін курстар да, сондай-ақ университетіміздің Қашықтықтан оқыту орталығы мамандарының да жүргізіп жатқан курстарының да берері мол. Қаншама тәжірибемен бөлісіп, профессор-оқытушылар құрамына ақпараттық технологиямен ONLINE жүйесінде пайдаланатын көптеген әдістерді үйретуі, ал оны сабақ барысында пайдалану болашақ мамандарымыздың білімді, білікті, жан-жақты болуына үлкен көмегі тиері сөзсіз.

Ал, енді нақты біздің мамандық иелерінің білім алуындағы ақпараттық технология мәселесіне келсек, жалаң сөйлемес үшін белгілі зерттеушілер С. Буш-Янсер мен Д. Флорианның елдер арасындағы байланысты зерттеудегі дәл осы сандық жүйені пайдалана отырып көрсеткен үш даму жолына назар аударғанымыз дұрыс болар.

Біріншіден, жаһандану саясатының арқасында саясат трансұлттық сипатта даму үстінде. Мемлекеттермен тұрақты қарым-қатынасты үнемі ұстап отыру маңызды. Мемлекеттер халықаралық аренада өздерін халықаралық актор ретінде әрекет ету барысында, мемлекет өз ішінде және әлемдік қауымдастықта өздерін ұсыну үшін саяси, экономикалық және мәдени түрлі сын-қатерлерге төтеп бере алуы қажет. Мемлекеттер өздерін “мемлекет пен саяси әсер ету салалары арасындағы шекараларды құрайтын, оларды көпжақты үйлестіруге және бірлескен жұмысқа әкелетін жаһандық күш” деп есептейді.

Екіншіден, бұқаралық ақпарат құралдарының маңыздылығы үнемі өсіп келеді, соның салдарынан елдердің сыртқы саясат мәселесі талқыланатын тақырыпқа айналуда. Бұл әртүрлі саяси өлшемдерге әсер етеді. Яғни, ақпараттандыру – саяси субъектілердің (саясаттың) өзара әрекеттесуі, саяси тақырыптарды және мәселелерді (саяси курс), сондай-ақ нормативтік және ұйымдық саяси тәртіпті (мемлекет) анықтау мәселелеріне әсер етеді десек артық айтпаймыз. Ақпаратқа қол жеткізудің оңайлығына байланысты, дауыс берудің қоғамдық құқығына көптеген алғышарттар жасалады. Ең алдымен, Интернет кеңістігіне кең қол жеткізу арқылы адамдар әр мемлекеттің өмірінің барлық салаларына әсер ететін саяси жобалар мен бағдарламалар туралы хабардар болуы мүмкін.

Үшіншіден, халықаралық қатынастардағы биліктің маңызы өзгеруде және “жұмсақ күш” ұғымы барған сайын маңызды болып келеді. Демократияны тарату, жаһандық үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтық наразылық қозғалыстарының өсіп келе жатқандығы мемлекеттердің билігін өзгертіп, ұлттық үкімет әрекеттеріне шектеулер енгізеді [1]. Көріп

отырғанымыздай, халықаралық байланыстарды зерттеушілердің өздері де болашақта сандық жүйе әдісі толықтай ғылыми зерттеулерде кең етек алатыны анық көрсетіледі.

Жалпы білім алушылармен дәріс материалындағы дәстүрлі тарихи-сипаттамалық, немесе болжамдық-логикалық тәсілдерді немесе нақты ғылымдардың әдістерін қолданумен байланысты аналитикалық-болжамдық, формализациялау, мәліметтерді есептеу (квантификациялау), қорытындыны верификациялау (немесе бұрмалау) туралы нақты пікірлерді интернет жүйесіндегі белгілі функциялармен де талдап алуға болады.

Мысалы, дәріс барысында арнайы кесте жасау арқылы өз бағыттарын нақтылауды алсақ. Бұл жағдайда үлгі ретінде Оксфорд зерттеу орталығының мәліметтеріне сүйене отырып, инновациялық технологияларды пайдаланудың қыр-сырын дәл осы зерттеу тәсілдеріне пайдалануға болады. Болашақ мамандардың халықаралық байланыстағы жұмыс жасау тәртібінің төрт қырын анықтап аламыз: елші аудиториясы, елшілік институттары, елшілік практиктері және елшілік тәжірибесі. Сондай-ақ, білім алушылармен нақты өрістерді де белгілейміз. Бірінші өріс нормативтік - оған нормалар, құндылықтар мен сенімдер жатады. Екіншісі – тәртіп, себебі нормалар мен нанымдардың қабылдануы тәртіптің өзгеруіне әкеледі. Үшінші өріс – рәсімдік, қолдану үлгілері мен стандартты пайдалану тәртібіне байланысты болады. Төртінші өріс – тұжырымдамалық болып табылады және адамдар өз әлемін көрсету үшін қолданатын метафоралар мен ақыл-ой схемаларына қатысты қолданылады. Осыған сараптама негізінде төмендегі кестеде көрсетілгендей 4*4 матрицасы жасалады, төмендегі Кесте 1-ден көре аласыздар.

Кесте 1
Елшілікті сандандыру үдерісі

Елшілік өлшемі	Нормативті (нормалар, құндылықтар, сенімдер)	Тәртіп	Процедуралық	Тұжырымдамалық
Елшілік аудиториясы	Ашықтықты арттыру	Өздігінен әсер ету	Пікір/ сезім/ жетістіктерімен онлайн режимде бөлісу	Желілік қоғам – бұл алмасу қоғамы
Елшіліктегіме кемелер	Диалогты бағалау	Онлайн түрде өз пікірлерін ұсынатын жаһандық аудиторияны тыңдау	Саясат тұжырымдамасына қолданушылардың кері байланысын қосу	Әлеуметтік желілер елшілік үшін метафора ретінде
Елшілік практиктері	Ашықтық	Әртүрлі мүдделі тараптармен уақытша одақтар	Елшілердің жеке тұлғалармен, топтармен, ұйымдармен әрекеттесуі	Қоғамдық ойлаудан желілік ойлауға өту
Елшілік тәжірибесі	Ынтымақтастық	Көпжақты қарым-қатынас	Мақсатқа жету үшін азаматтық	Әлеуметтік желілер

			қоғам ұйымдарының әлеуметтік желілері	
Ескерту: Оксфорд зерттеу орталығы мәліметтері негізінде Илан Мэнордың “The Digitalization of Diplomacy: Toward Clarification of a Fractured Terminology” еңбегінен алынған [2].				

Шындығында, саяси құбылыстардың мән-мәтіні тек қолданбалы әдістердің көмегімен толық зерттелмейді. Қоғамдық қатынастарда жалпы, ал халықаралық байланыстарда, әсіресе, детерминистік түсініктерге келмейтін стохастикалық үдерістер үстем болады. Гуманитарлық ғылымдардың, соның ішінде халықаралық байланыстар туралы ғылымдардың қорытындылары ешқашан дәлел бола алмайды немесе бұл әрекетте бұрмаланбайды. Осыған байланысты мұнда бақылау мен рефлексия, салыстыру мен түйсіну, фактілер мен қиялды білу ұштастыратын «жоғары» теорияның әдістері өте заңды болады. Олардың пайдасы мен тиімділігі заманауи ізденістермен және нәтижелі зияткерлік дәстүрлермен расталатынын дәл осы ақпараттық технологиямен дәлелге алуға болады.

Зерттеу негіздері ретінде тапсырма Р.Аронның тұжырымдарымен салыстырмалы талдау жасауды тапсырсақ, ондағы тәсілдерді, технологияға сүйеніп, яғни:

теорияны (зерттеу мәнін, ерекшелігін және негізгі қозғаушы күштерінің ерекше түрдегі қоғамдық қарым-қатынастарын);

әлеуметтануды (детерминант пен оның өзгерістерін және дамуын нақты анықтайтын заңдылықтарды іздеу);

тарихты (ұқсастықтар мен ерекшеліктерді табуға мүмкіндік беретін дәуірлер мен ұрпақтарды ауыстыру үдерісінде халықаралық байланыстардың нақты дамуы)

праксеологияны (халықаралық-саяси шешімді дайындау, қабылдау және оны іске асыру үдерісін талдау) ұштастыруды талап ететінін ақпараттық жүйе әдісімен толықтырып шығулары қажет.

Қолданбалы тұрғыдан алған жоспарда фактілерді зерттеу (бар ақпараттың жиынтығын талдау); қазіргі жағдайды зерделеу (келеңсіз себептерді іздеу және оқиғалардың қолайлы дамуын қамтамасыз ету); одан әрі жағдайдың дамуын болжау (оның ықтимал салдарын зерттеу), шешімін дайындау (жағдайға әсер етудің қолда бар құралдарының тізбесін жасау, әртүрлі баламаларды бағалау) және ақырында шешім қабылдау (жағдайдың ықтимал өзгерістеріне дереу жауап беру қажеттілігін болдырмауы тиіс) туралы болып отыр [3].

Бұл жерде тағы бір ескере кететін мәселе, зерттеу барысында ақпаратты талдау және қауіп-қатерлерді анықтау және бақылау басты назарда болуы керек, екіншіден мемлекеттік елшілік мекемелерінің мемлекеттік қызметтері ашық көрсетілуі қажет, консулдық мекемелердің шет елдегі отандастармен байланыс арнасының болуы міндетті және ғаламдық желінің еркіндігі мен тәуелсіздігіне қол жеткізу стратегиясын жүзеге асыру маңызды.

Сабақ барысында әлеуметтік желілердегі қол жетімді қазіргі заманғы құралдардың арқасында ішкі және сыртқы мүдделі тараптар арасында ақпарат алмасу мен ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ ақпарат алмасу құралдары мен деректерді басқару жүйелерінің кеңейтілген функционалдық мүмкіндіктері бар ақпараттық ресурстарды: Facebook™, Dіploedia, Twitter™, LinkedIn™ және т.б. пайдалану арқылы ситуативті жағдайларды эмпирикалық деректер арқылы талдау.

Қазіргі уақытта мыңнан астам осындай әдістемелер түрлері белгілі – ең қарапайымнан (мысалы, бақылау) біршама күрделіге дейін (мысалы, деректер банкін қалыптастыру, көп өлшемді шәкілдерді құру, қарапайым (Check lists) және күрделі (Indices) көрсеткіштерді құру, типологияларды құру (Q факторлық талдау) және т.б. Осыған орай бақылау, құжаттарды зерттеу, салыстыру сияқты кең таралған талдау әдістерін қолдануға болады.

Осы жерде білім алушылардың демократиялық үдерістерді алға жылжыту үшін бүкіл әлем бойынша адамдар мен үкіметтер арасында ақпарат таратуға байланысты тұжырымдарының Зерттеу Орталығы индексімен сай келуі, бұл да ақпаратты пайдаланудағы нақтылықты көрсетсе керек. Атап айтсақ, американдық құндылықтар мен көзқарастарды білдіретін ақпарат таратуда әлеуметтік желілер мен басқа құралдарды пайдалану; әлеуметтік медиа арқылы Департаменттің күштерін үйлестіру; сыртқы саяси қызметті жетілдіру үшін инновациялық ақпаратты талдау әдістерін қолдану; шетелдік аудитория мен үкіметтерге тікелей қолжетімді болуы үшін Facebook секілді желілік мүмкіндіктерді пайдалану және т.б. [4].

Біздің келесі қарастыратын бақылау әдісіміздің элементтері бақылау субъектісі, нысан және бақылау құралдары болып табылатыны белгілі. Әртүрлі бақылау түрлері кездеседі. Мысалы, тікелей бақылау, жанамаға қарағанда, қандай да бір техникалық жабдықты немесе құралдарды (теледидар, радио және т.б.) пайдалануды көздемейді. Айта кету керек, ол сыртқы (мысалы, парламент журналистері де өткізетін немесе шет мемлекеттердегі арнайы тілшілер осындай болады) және қосылған (бақылаушы қандай да бір халықаралық оқиғаның: дипломатиялық келіссөздердің, бірлескен жобаның немесе қарулы қақтығыстың тікелей қатысушысы болған кезде) болып қана бөлінеді.

Тікелей бақылау жанама бақылаудан ерекшеленеді, құрылғыда сұхбат, сауалнама және т.б. көмегімен алынған ақпарат негізінде жүргізіледі. Жанама және инструменталды бақылау болуы мүмкін. Деректерді жинаудың осы әдісінің басты кемшілігі – субъектінің белсенділігіне байланысты субъективті факторлардың үлкен рөлі, оның (немесе бастапқы бақылаушылардың) идеологиялық артықшылықтарымен, бақылау құралдарының жетілмеуімен немесе деформациялануымен және т.б. көрініс табады.

Бұл жағдайда әрине біз IT ресурстарына (деректерге, қосымшаларға, Интернет қызметтеріне және онлайн қоғамдастықтарға) кез келген жерде, кез келген уақытта «қол жетімділік», бұл жетістік болашақ зерттеуші мамандарға мемлекеттік департаменттің ғимаратынан тыс жерде болса да, адамдармен үнемі байланыста болу мүмкіндігін береді. Исшаралар кешенінің барлығы “мобильді қатынаспен” жүреді, бірақ оны жүзеге асырудағы басты кедергі – жеке ақпарат қауіпсіздігі болады. Білім алушылар тәжірибені жасау, іздеу, жинау, талдау, өңдеу, түрлендіру және білім тарату арқылы өзгертуге мүмкіндік алады. Ол тіпті белгілі бір мақсаттар мен аудиториялар үшін тиімді мультимедиялық ақпараттық өнімдерді жасау және құру үшін кеңейтілген мазмұнды басқару технологияларын қамтуы да мүмкін.


Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың әлеуметтік желілері




Кейде білім алушылар объективті нақты ақпарат көздеріне жиі қол жеткізу мүмкіндігі жоқ (мысалы, штаб сарапшыларынан, халықаралық ведомстволардың сарапшыларынан немесе қауіпсіздік органдарының қызметкерлерінен айырмашылығы) екендігін айтады. Бұл әдіс мемлекеттік құпия және қауіпсіздік туралы қандай да бір тәртіптің көріністері үлкен рөл атқаратынын білу маңызды. Осы әдісті пайдалануды қиындататын тағы да басқа кез-келген зерттеудің негізі болатын мәселе бар, еңбек шығындарына байланысты құжаттарды сатып алу, өңдеу және сақтау үшін қажетті қаржы қаражатының мәселесі және т.б. мәселелерді көрсетуге болады.

Ресми құжаттардың барынша қолжетімді болуын нақты ақпараттық мәліметтермен алға тартамыз: дипломатиялық және әскери ведомстволардың баспасөз қызметтерінің хабарламалары, мемлекет қайраткерлерінің сапарлары туралы ақпарат, аса ықпалды үкіметаралық ұйымдардың жарғылық құжаттары мен мәлімдемелері, билік құрылымдарының, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің декларациясы мен хабарламалары және т.б.


Қазақстан, Ресей және АҚШ Сыртқы істер министрліктерінде әлеуметтік желілерге ұсынылған сілтемелер





Сонымен қатар ресми емес жазбаша, аудиовизуалды көздер кеңінен қолданылуы мүмкін, бұл халықаралық өмір оқиғалары туралы ақпаратты арттыруға жеке тұлғалардың пікірлері, отбасылық мұрағаттар, жарияланбаған күнделіктерді қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің әлеуметтік желілері



Сондай-ақ, қандай да бір халықаралық оқиғалардың тікелей қатысушыларының естеліктері маңызды болуы мүмкін – дипломатиялық келіссөздер, ресми сапарлар. Бұл ұқсас естеліктер – жазбаша немесе ауызша, тікелей немесе қалпына келтірілетін және т.б. формаларына қатысты. Деректерді жинауда иконографиялық құжаттар: суреттер, фотосуреттер, кинофильмдер, көрмелер, ұрандар үлкен рөл атқаратынын білу маңызды.

Мемлекеттерді бір-бірімен және олардың жеке белгілері арқылы салыстыру қажеттілігі (аумақ, халық, экономикалық даму деңгейі, әскери әлеует, шекараның ұзындығы және т. б.) халықаралық байланыстарды зерттеуде сандық әдістердің дамуын ынталандырды, және атап айтқанда өлшеу әдістерін көрсетті. Сонымен қатар, салыстырмалы талдау құбылыстардың сәйкессіздігі мен жағдайдың қайталанбастығы негізінде ғылыми-маңызды қорытындылар алуға мүмкіндік береді. Білім алушылардың әлем елдері бойынша жасаған инновациялық даму деңгейінің рейтингісін қарастырайық:

Инновациялық даму деңгейі бойынша мемлекеттер рейтингі

Мемлекеттер	Орны	Аймақ	Аймақта инновациялық даму бойынша алар орны
Швейцария	1	Еуропа аймағы	1
Нидерланды	2	Еуропа аймағы	2

Швеция	3	Еуропа аймағы	3
Ұлыбритания	4	Еуропа аймағы	4
Сингапур	5	Оңтүстік-Шығыс Азия, Шығыс Азия және Океания	1
АҚШ	6	Солтүстік Америка	1
Финляндия	7	Еуропа аймағы	5

Экспликативті әдістердің ішіндегі ең көп таралған әдістер контент-талдау, ивент-талдау, когнитивті карталау әдісі және олардың қолданылуын талдауда, сондай-ақ болжамдық, дельфий, жүйелік, модельдеу т.б. әдістерді тәжірибе жүзінде білім алушылармен жүргізу, әрине осы ақпараттық технологияны пайдалану арқылы жүзеге асатыны анық.

Ғылыми зерттеу әдістерін білім алушылардың назарына ұсына келе, курстың технологиялық ақпаратпен жасақталуы жағынан төмендегі ұсыныстарды беруге болады:

Алдымен, университетіміздің ғылыми бағытта екенін ескере отырып, елімізде ұстанып отырған стратегияға сәйкес ғылыми зерттеу әдістері курсының электронды нұсқасын жасақтап, білім алушылардың ақпараттық технологиямен жұмыс жасауын қамтамасыз ету;

Екіншіден, ғылыми зерттеу әдістеріне байланысты бірыңғай ақпараттық платформалар жасақтап, техникалық стандарттарды анықтау керек (мысалы, өзге елдің білім алушыларымен тәжірибе алмасуда осы курс бойынша сабақ барысындағы Online-conference өткізуді семестр барысында 1-2 рет міндетті ету т.б.);

Үшіншіден, болашақ білікті мамандардың гуманитарлық және әлеуметтік зерттеу әдістері бойынша жаңа жобаларды тікелей осы ақпараттық технология әдістері негізінде жүргізуіне, тіпті оқу практикалары мен өндірістік тәжірибелік жұмыстарын да осы IT орталықтарымен біріге жұмыс жасата отырып, қажетті дағдыларды қалыптастыруға күш салу;

Төртіншіден, оқытушылардың біліктілігін көтеру үрдісі тоқтап қалмай, осы қарқында жүргізіліп отырса, батыс елдерінің тәжірибесі бізге бұл шарттың қаншалықты маңызды екендігін көрсетіп отырғаны анық, бұған қоса зерттеу әдістері бойынша тағылымдамалар көбейтілсе;

Бесіншіден, ғылыми зерттеу бағыттары бойынша IT-секторын тереңдете талдау, осы салаға мемлекет ықпалының жоғары болуы қажет. Яғни, бұл ең алдымен білім беру саласында арнайы мамандықтардың, арнайы оқу курстарының пайда болуы немесе осы тақырыпта жастар мен білікті мамандар арасында ғылыми конференциялардың өткізілуі үлкен пайда алып келетіні анық.

Одан басқа, біздің мамандық иелері жұмыс жасайтын Сыртқы істер министрлігінде тек қана осы саламен айналысатын жеке бөлімшенің ашылуы қажет. Яғни, бұл жерде әлеуметтік желілердегі парақшаларды жүргізу, интернет арқылы басқа елдермен қарым-қатынас жасау, ресми сайт деректерін күн сайын жаңартып отыру, белсенділік таныту міндет.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының Ұлттық тұрақты даму стратегиясы мен сандық даму бағдарламасы мемлекеттік органдар мен жұртшылық арасындағы, сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы өзара іс-қимылдың барлық салаларында ашықтық пен демократияландыруды қамтамасыз етеді. Университетіміз ақпараттық ресурстарға қызметкерлері мен барлық білім алушыларының қол жетімділігі үшін қажетті жағдайлар жасап, олардың бірыңғай ақпараттық кеңістікке интеграциялануын қамтамасыз етуде. Осы тұрғыда

болашақ мамандарымызды толыққанды даярлаудағы білім беру кеңістігін күшейтіп, ғылыммен айналысуда әлемдік зерттеу әдістерімен ақпараттық технология арқылы тәжірибе жинақтауды негіздеу идеяға толы ғылыми бастамаларға жол ашары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Leonard M., Smewing C. Public diplomacy and the Middle East. – London: The foreign Policy Centre, 2003.

2 Ian Manor. The digitalization of diplomacy: Toward clarification of a fractured terminology // DigDiploROx Working Paper No 2. – 2018.

3 Арон Р. Мир и война между народами. Электронная версия. URL: <https://www.twirpx.com/file/2929497/>

4 Hanson Fergus. Baked In and Wired: eDiplomacy@State // Brookings Institute. – 2012.

5 Department of State IT Strategic Plan Fiscal Years 2011–2013 // US Bureau of Information Resource Management. – 2010.